

«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс
университеті»

коммерциялық емес акционерлік
қоғамының ректоры

С.С. Сагинтаева

12 мамыр 2020 жыл



«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ

2-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы қ., 2020



Мазмұны

Құжат төлқұжаты	3
1. Жалпы ережелер.....	4
2. Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттері	4
3. Қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері..	6
4. Қауымдастықтың ұйымдық құрылымы және басқару органдары.....	7

Құжат төлқұжаты	
Құжат түрі	Ұйымдастырушылық құжаттама
Құжат атауы	«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түлектер қауымдастығы туралы ережесі
Құжат мақсаты	Түлектер қауымдастығы қызметін сипаттау және регламенттеу: мақсаттары мен міндеттері, Қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері, Қауымдастықтық ұйымдастыру құрамы және басқару органдары.
Әзірлеген	Түлектер қауымдастығының хатшысы
Келісілген	Университет ректоры
Бекіткен	Ректор
Құжат орындаушылары	Қауымдастық мүшелері
Орындалуын бақылаушы	Түлектер қауымдастығы төрағасы
Құжатқа қосымша	Жоқ
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	ҚР Еңбек кодексі ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы Университет жарғысы
Түпнұсқа иесі	Сапа менеджмент жүйесі бөлімі

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түлектер қауымдастығы (бұдан әрі - Қауымдастық) Қазақ политехникалық институтының энергетика факультеті, Алматы энергетикалық институты және Алматы энергетика және байланыс институты, Алматы энергетика және байланыс университеті түлектерінің, еліміздің ведомстволық, басқа да құрылымдары өкілдерінің басын қосады және «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) жанындағы қоғамдық ұйым (бірлестік) болып табылады.

1.2. Қауымдастық еріктілік, өзін өзі басқару, заңдылық және жариялылық негізінде Университет Жарғысы мен осы Ережеге сәйкес құрылды және әрекет етеді.

1.3. Қауымдастық заңды тұлға болып табылмайды. Қауымдастықтың барлық қызметі Университет арқылы жүзеге асырылады.

1.4. Қауымдастықтың қызмет мерзімі шектелмейді.

1.5. Қауымдастықтың тұрақты әрекет ететін жетекші органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы көш. 126/1, «А» ғимараты.

2. Қауымдастықтың мақсаттары және міндеттері

2.1. Қауымдастық алдына келесі мақсаттарды қояды:

2.1.1. Студенттер мен әртүрлі жыл түлектері арасында ұжымдық байланысты, ұжымдық рухты арттыру үшін түлектер күшін біріктіру;

2.1.2. Қауымдастық мүшелерінің кәсіби жетістіктерін насихаттау;

2.1.3. Қауымдастық мүшелері жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдардың ғылыми-практикалық және дамудың басқа проблемаларын шешу үшін ЖОО ғылыми әлеуетін тарту;

2.1.4. Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуда, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар қатарындағы мұқтаж студенттерге ақшалай қаражатты, аспаптарды, жабдықтар мен басқа да материалдарды қайтарымсыз қайырымдылық жолымен беру арқылы демеушілік қолдау көрсетуде Қауымдастық мүшелерінің күш-жігерін біріктіру;

2.1.5. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар қатарындағы мұқтаж студенттерге, сондай-ақ аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға атаулы стипендияны құру жолымен әлеуметтік қолдау көрсету; студенттердің дербес деректерін сақтау және таратпау мақсатында шәкіртақы алушылардың жеке байланыстары атаулы стипендияның құрылтайшысына

берілмесін, барлық мәселелер Институттар немесе Қамқоршылар кеңесі арқылы шешілсін.

2.1.6. ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру;

2.1.6. ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру;

2.1.7. Осы Ереженің 2.1.4. және 2.1.5- тармақтары басымырақ болып табылады.

2.2. Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қауымдастық келесі міндеттерді алдына қояды:

2.2.1. Бизнес-бірлестікпен ынтымақтастық орнату жолымен «АЭЖБУ Эндаументі» ұжымдық қайырымдылық қорын құру;

2.2.2. Түрлі конференциялар өткізуде академиялық, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтер бойынша Университет халықаралық ынтымақтастығын дамытуға көмектесу;

2.2.3. Оқу процесін және ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың тиімді түрлерін дамытуға көмектесу;

2.2.4. Түлектер мен Университет арасындағы тұрақты байланыс үшін Түлектер туралы деректер базасын құру;

2.2.5. Университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту, студенттерді патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған түрлі бастамаларды қолдау үшін университетке қаржылай көмек көрсету;

2.2.6. Университеттің мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен, білім мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыруға, іскерлік ортаның өзара мүдделерімен келісуге және жүзеге асыруға көмектесу;

2.2.7. Университет, оның дәстүрлері, тарихы, қызметі туралы ақпараттарды кеңінен тарату.

2.3. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін Қауымдастық төмендегі қызметтер түрлерін жүзеге асырады:

2.3.1. Қауымдастық мүшелерінің ерікті жарналары мен қайырымдылықтарынан мақсатты қор құру жолымен Университетке қаржылай және басқа да кез келген қолдауларды ұйымдастыру;

2.3.2. Қауымдастық мүшелері арасында ақпараттармен, баспа басылымдарымен және т.б. алмасу;

2.3.3. Университет түлектері басқаратын ұйымдармен, мекемелермен бірлескен өзара тиімді шарттар жасау;

2.3.4. Бекітілген күндер бойынша Түлектердің мерейтойлық кездесулерін ұйымдастыру;

- 2.3.5. «АЭЖБУ Түлектерінің энциклопедиясы» шығарылымын ұйымдастыру;
- 2.3.6. Қауымдастыққа жаңа мүшелер, соның ішінде, АЭЖБУ кезекті бітіруші бакалаврлары, магистрлері, PhD докторлары қатарынан мүшелер тарту;
- 2.3.7. Университет базасында энергетика мен телекоммуникацияның өзекті проблемалары бойынша бірлесіп ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар мен симпозиумдар өткізу;
- 2.3.8. Билік органдарымен, бизнес өкілдерімен және басқа да жоо түлектерімен байланыс орнату.

3. Қауымдастық мүшелері, олардың құқықтары және міндеттері

3.1 Қауымдастық мүшелері болып осы Ережені мойындайтын, Қауымдастық жұмысына қатысатын және мүшелік жарна төлейтін Университет түлектері бола алады. Қауымдастыққа жеке тұлғалармен (соның ішінде, университет мамандықтарына ұқсас басқа жоо түлектерімен) қатар заңды тұлғалар (энергетиканың, IT-салалары мен телекоммуникацияның салалық кәсіпорындары), сондай-ақ Университеттің дамуына үлкен үлес қосқысы келетін Қазақстан Республикасының азаматтары да кіре алады. Жылдағы мүшелік жарнаны Университеттің Қамқоршылар кеңесі белгілейтін мөлшерде қауымдастық мүшелері төлейді. Қауымдастықтың ақша қаражаты Университеттің есептік шотындағы Қауымдастық Қорында шоғырланатын мүшелік жарналардан және ерікті демеушілік қайырымдылықтарынан құралады.

3.2. Қауымдастық мүшелерінің құқықтары :

- Қауымдастықтың барлық қызметіне қатысу;
- Қауымдастықтың қызметі туралы кез келген ақпаратты алу;
- Қауымдастықтың қызметіне қатысты кез келген мәселені енгізу және талқылау;
- Қауымдастықтың Қамқоршылар кеңесіне сайлау және сайлану;
- Энциклопедияның мерейтойлық шығарылымын қоса алғанда, “АЭЖБУ бітірушілер энциклопедиясына” (төлемді негізде) ену;
- қолданыстағы «АЭЖБУ профессоры, доценті академиялық атағын беру туралы ережеге» сәйкес АЭЖБУ академиялық профессоры (доценті) құрметті атағын алу;
- Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін демеушілік көмек көрсету, оқу зертханасына (дәріс аудиторияларына) сәйкесті зертханадағы (аудиториядағы) арнаулы тақталарда, Университеттің оқу

ғимаратының кіреберісінде демеуші туралы ақпаратты орналастыру арқылы оның атын беру;

- ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға және жетім балалар қатарындағы студенттерге, сондай-ақ аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға арналған атаулы стипендияның құрылтайшысы болу;

- Университеттің ғылыми жинақтарында және “АЭЖБУ хабаршысы” ғылыми журналында мақалаларын тегін жариялау;

- өз компаниясына, ұйымына келешек мамандарды таңдау үшін Университет балавриаты мен магистратурасының жоғары және бітіруші курс студенттерінің оқу үлгерімі туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді алу;

- Университеттің салтанатты, ғылыми, мәдени-тәрбие, спорт-сауықтыру және басқа да іс-шараларына қатысу.

3.3. Қауымдастық мүшелерінің міндеттері:

- Қауымдастық жұмысына қатысу және осы Ереженің талаптарын орындау;

- АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесі белгілейтін мөлшерде жыл сайын мүшелік жарна төлеп отыру;

- Университет студенттерінің озық бағдарлы кәсіпорындарда және ұйымдарда өндірістік практикадан өтуіне қолқабыс ету;

- Университет түлектерінің жұмысқа орналасуына ықпал ету;

Университеттің материалдық-техникалық базасын қолдау және жаңарту, Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар қатарындағы, сондай-ақ аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан мұқтаж студенттерге көмек көрсету үшін Қауымдастық қорына демеушілік көмекке тартуға жағдай жасау.

4. Қауымдастықтың ұйымдық құрылымы және басқару органдары

4.1. Қауымдастықтың ұйымдық құрылымы негізіне келесі ұстанымдар кіреді: басшы органдардың сайланбалылығы, Университеттің Қауымдастық мүшелері және Ғылыми кеңесі алдында есептілігі, шешім қабылдауда алқалылық және демократиялық, қауымдастықтың барлық қызметінің жариялылығы.

4.2. Қауымдастықтың басқару органы Университет проректорлары және бітіртуші кафедра меңгерушілері ұсынатын, университеттің әртүрлі мамандықтарының ең беделді бітірушілерінен, сондай-ақ уәкіл ретінде бекітілген ұйымдар, компаниялар өкілдерінен, Қауымдастық мүшелерінен тұратын Қамқоршылар кеңесі болып табылады. Қамқоршылар кеңесі құрамына міндетті негізде дауыс беру құқығынсыз ректор және институт директорлары енеді.

4.3. Қамқоршылар кеңесінің сандық және жеке құрамын, оның өкілеттік мерзімін ашық дауыс беру жолымен Университеттің Ғылыми Кеңесі анықтайды.

4.4. Қамқоршылар кеңесі өзінің бірінші отырысында ашық дауыс беру жолымен **Төрағаны** сайлайды, Қауымдастық құрамына қабылдау тәртібін, жылдық мүшелік жарнаның мөлшерін анықтайды, жұмыстың жылдық жоспарын бекітеді, кеңес мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөледі. Кеңестің барлық мәжілісін сайланған Төраға, ол жоқта оның тапсыруы бойынша кеңестің кез келген мүшесі жүргізеді. Егер кеңес отырысына кеңес мүшелерінің 2\3 немесе одан астамы қатысса, мәжіліс құқықты. Шешімдер кеңеске қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілігінің ашық дауысымен қабылданады. Кеңестің барлық отырысына хаттама жазылады.

4.5. Қамқоршылар кеңесінің басты міндеттерінің бірі Қауымдастық қорының қаражатын басқару, Қауымдастықтың өз қызметінің мұқтажына қаражаттың шығындалуын бақылау және сәйкесті субшоттарда шоғырланатын қаржы көлеміне сәйкес Университеттің бітіртуші кафедраларының және басқа бөлімшелердің материалдық-техникалық базасын нығайту. Кеңес әр субшоттағы және тұтастай қор бойынша шоғырланған қаржы көлемі туралы, соның ішінде, мүшелік жарналардан, жекелеген демеушілік көмектен қаражат түрінде, сондай-ақ аспап, жабдық материалдық қызмет түрінде түскен құралдардың үлесі туралы Университет әкімшілігінің есептемелерін тұрақты тыңдап отырады.

4.6. Университеттің басқарушы құрамы (ректор, институт директорлары) Қамқоршылар кеңесінің барлық отырысының жұмыстарына есептемелермен, кеңестермен, ұсыныстармен қатысады, бірақ шешімдер қабылдауға және дауыс беруге қатыспайды.

4.7. Президент 5 жыл мерзімге сайланады және Қауымдастық қызметін басқарады, Жалпы жиналысқа және Қамқоршылар кеңесіне төрағалық етеді, басқа да өкілдік қызметтерді атқарады.

4.8. Кеңес хатшысын ректор Университет түлектері қатарынан тағайындайды, ректорға және тікелей төрағаға бағынады, орындаушы, өкілдік және басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

4.9. Қамқоршылар кеңесі жыл сайын қауымдастықтың қызметі және жұмысы туралы тұтастай Университеттің Ғылыми кеңесінде есеп береді, сондай-ақ есеп Қауымдастықтың барлық мүшелеріне қолжетімді болу және танысу үшін Университет сайтына орналастырылады.

4.10. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің Ғылыми кеңесімен мақұлданғаннан кейін белгіленген тәртіпте Ректор енгізуі мүмкін.

Осы ереже 2020 ж. 12 мамырда (№ 14 хаттама) АЭЖБУ Ғылыми кеңесі отырысында талқыланды және мақұлданды.